

Реттелетін нарық салаларындағы жеке кәсіпкерлік аясындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі тәрағасының 2013 жылғы 01 шілдедегі № 199-НҚ және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Өнірлік даму министрінің 2013 жылғы 05 шілдедегі № 125/НҚ Бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 08 тамызда № 8616 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 27 маусымдағы № 462 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.06.2015 № 462 (алғаш ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

«Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы 1-тармағының 3-1) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 3 және 4-тармақтарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Қоса беріліп отырған реттелетін нарық салаларындағы жеке кәсіпкерлік аясындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Бақылау және талап қою жұмысы департаменті (А.Т. Аламан):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуді;

2) Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің ресми интернет-ресурсында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Экімшілік жұмысы департаменті (С.П. Базарбаев) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен соң күнтізбелік он күн ішінде ресми жариялауды қамтамасыз етсін, кейін жарияланғаны туралы мәліметті Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Заң департаментіне ұсынсын;

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен соң күнтізбелік он күн ішінде ресми жариялауды қамтамасыз етсін, кейін жарияланғаны туралы мәліметті Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Заң департаментіне ұсынсын;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарының назарына

ж е т к і з с і н .

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының орынбасары А.Ә. Алпысбаевқа жүктелсін .

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Табиғи монополияларды
реттеу агенттігінің
төрағасы*

*Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары -
Қазақстан Республикасының*

Өнірлік даму министрі

M. Оспанов

B. Сағынтаев

2013 жылғы «___» _____.
Қазақстан Республикасы Табиғи
монополияларды реттеу агенттігі төрағасының
2013 жылғы 01 шілдедегі № 199-НҚ және
Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасарының
Қазақстан Республикасы Өнірлік даму
министрінің 2013 жылғы 5 шілдедегі № 125/НҚ
бірлескен бұйрығымен бекітілген

Реттелетін нарық салаларындағы жеке кәсіпкерлік аясындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдері

1. Осы Реттелетін нарық салаларындағы жеке кәсіпкерлік аясындағы тәуекелдер дәрежесін бағалау өлшемдері (бұдан әрі – Өлшемдер) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді.

2. Осы Өлшемдер тәуекелдердің сандық және сапалық көрсеткіштерінің жиынтығын айқындайды, олардың негізінде реттелетін нарық субъектілерін (бұдан әрі – Субъектілер) бағалау және тәуекелдің әртүрлі дәрежелеріне жатқызу жүзеге асырылады .

3. Шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын Субъектілерге (қайта ұйымдастыру тәртібімен құрылған заңды тұлғаларды және қайта ұйымдастырылған заңды тұлғалардың құқықтық мирасқорларын қоспағанда) қатысты жоспарлы тексерулер олар мемлекеттік тіркелген күнінен бастап үш жыл откен соң жүргізілуі мүмкін .

4. Осы Өлшемдерде тәуекел деп тексерілетін Субъектілер қызметінің

нәтижесінде адамның өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға, мемлекеттің мұліктік мұдделеріне тарифті негізсіз көтеру, реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынудан зансыз бас тарту, тұтынушыларды кемсіту және өзге де іс-әрекеттер (әрекетсіздер) жолымен жеке және занды тұлғалардың занды мұдделеріне зиян келтіру ықтималдылығы танылады және оның салдарының ауырлық дәрежесі ескеріледі.

5. Субъектілерді тәуекелдер дәрежелері бойынша жатқызу бастапқы және кейінгі бөлу арқылы жүзеге асырылады.

Бастапқы бөлу кезінде Субъектілер топтарға бөлінеді, олар өз кезегінде Субъект реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынатын тұтынушылардың санына қарай тәуекел дәрежелері бойынша бөлінеді:

Темір жол көлігі, мұнай өнімдерін өндіру, мұнайды тасымалдау, азаматтық авиация, порт саласындағы реттелетін нарық субъектілері:

- 1) тәуекелдің шамалы дәрежесінің тобына – 5 тұтынушыға дейін;
- 2) тәуекелдің орташа дәрежесінің тобы – 5-тен 20 тұтынушыға дейін;
- 3) тәуекелдің жоғары дәрежесінің тобы - 20 және одан көп тұтынушы.

Электр және жылу энергетикасы саласындағы реттелетін нарық субъектілері:

- 1) тәуекелдің шамалы дәрежесінің тобы – 50 000 тұтынушыға дейін;
- 2) тәуекелдің орташа дәрежесінің тобы – 50 000-нан 100 000 тұтынушыға дейін;
- 3) тәуекелдің жоғары дәрежесінің тобы - 100 000 және одан көп тұтынушы.

«Газ және газбен жабдықтау туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, газ саласындағы реттелетін нарық субъектілері :

- 1) тәуекелдің шамалы дәрежесінің тобы – 10 000 тұтынушыға дейін;
- 2) тәуекелдің орташа дәрежесінің тобы – 10 000-нан 20 000 тұтынушыға дейін ;

- 3) тәуекелдің жоғары дәрежесінің тобы - 20 000 және одан көп тұтынушы.

6. Соңғы тексеру сәтінен бастап Сапалық көрсеткіштерде көрсетілген әрбір бұзушылық фактің бойынша (оның ішінде жоспардан тыс тексерулер нәтижесінде анықталған) ол болған жағдайда тиісті балл беріледі, ол кейін қосылады және тәуекелдер дәрежесін бағалау кезінде ескеріледі.

Егер Субъектінің іс-әрекеті немесе әрекетсіздігі бірнеше Сапалық көрсеткіштердің әсеріне тап болған жағдайда, онда балдар қосылады.

7. Сапалық көрсеткіштер бойынша балдар жалпы жиынтық қорытындыны айқындау үшін қосылады.

8. Жиынтық қорытындының нәтижелері Субъектілерді тәуекелдер дәрежесі бойынша саралау үшін пайдаланылады.

9. Субъектілерді тәуекелдер дәрежесі бойынша саралау мынадай тәртіппен

тәуекелдің жоғары дәрежесінің тобына - 30 және одан көп балл;
 тәуекелдің орташа дәрежесінің тобына - 20 бал;
 тәуекелдің шамалы дәрежесінің тобына - 10 бал жинаған Субъектілер жатады

10. Егер табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы заңнаманы қандай да бір бұзушылықтар Субъектінің табыс (түсім) алудына әкелген жағдайда, онда осындай Субъект берілген балдың жиынтығына қарамастан жоғарғы тәуекел **денгейіне** жатқызылады.

11. Жоспарлы тексеруден өткен Субъектілер оларды келесі күнтізбелік жылдың тәуекелдер дәрежелеріне бөлу мақсатында жіберілген бұзушылықтар ескеріле отырып Сапалық көрсеткіштердің негізінде тәуекелдерге қайтадан **бағалануға** тиіс.

12. Жоспарланып отырған тексерулердің саны Субъектілердің тәуекелдеріне жүргізілген бағалаудың нәтижесіне және табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның тексерулерге қатысатын лауазымды тұлғаларының санына сүйене отырып **белгіленеді**.

13. Уәкілетті орган тәуекелдің бір тобының ішінен Субъектілерді іріктеуді мынадай **қағидаттар** **бойынша** **жүзеге** **асырады**:

1) тексеру жоспарына неғұрлым ұзақ уақыт кезеңінде тексерілмеген Субъект кіреді (тексерілмеген кезеңді анықтаған кезде, жоспардан тыс тақырыптық тексерулерге ескерілмейді);

2) тексерулер жоспарына неғұрлым көп балл жиынтығын алған Субъектілер енгізіледі.

Реттелетін нарық саласындағы жеке кәсіпкерлік аясындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдеріне қосымша

Тәуекелдердің дәрежесін бағалаудың сапалық көрсеткіштері

№	Талаптардың бұзылуы	Балдар беру шарты	Балда	
1	Реттелетін нарық субъектісінің уәкілетті органға ақпаратты, есепті табыс етпеуі не ақпаратты, есепті, белгіленген мерзімдерін бұза отырып табыс етуі (заңнама бұзушылығының әрбір фактісі үшін 10 балл беріледі).	иә жок	10 0	
2	Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы заңнамасы бұзушылықтар (1,3-тармактарда көрсетілген бұзушылықтарды қоспағанда) (заңнама бұзушылығының әрбір фактісі үшін 20 балл беріледі).	иә жок	20 0	
			иә	30

3	Негізсіз табыс (түсім) алуға әкелген Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы заңнамасын бұзушылықтар (заңнама бұзушылығының әрбір фактісі үшін 30 балл беріледі).	жоқ	0
---	---	-----	---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК